

## "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін қолданысқа енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы № 298-IV Заңы. Күші жойылды - ҚР 26.12.2017 № 123-VI Кодексімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР 26.12.2017 № 123-VI Кодексімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**1-бап. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін қолданысқа енгізу мерзімдері және жалпы өтпелі ережелер**

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі, 2011 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 8-баптың 17)-19) тармақшаларын, 30-баптың 7-тармағын және 192-баптың 4-9-тармақтарын қоспағанда, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілсін.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі осы Заңның 2 - 11-баптарында көзделген ережелер ескеріле отырып, оның қолданысқа енгізілген күнінен бастап туындастын құқықтық қатынастарға қолданылады.

**2-бап. Кеден одағына мүше мемлекеттер арасындағы өзара сауда статистикасы**

Кеден органдары 2011 жылғы 1 шілдеге дейін кеден одағына мүше мемлекеттер арасындағы өзара сауда саласындағы статистикалық қызметті Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады деп белгіленсін.

**3-бап. Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға және өзге де тұлғаларға қатысты өтпеліережелер**

1. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған кедендік брокерлер, кедендік тасымалдаушылар, уақытша сақтау қоймаларының иелері, уақытша сақтау орындарының, кеден қоймалары мен бажсыз сауда дүкендерінің иелері "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай бойы кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыруға құқылы.

2. Кедендік брокер, кедендік тасымалдаушы, уақытша сақтау қоймаларының, кеден қоймаларының иелері ретінде қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиялары бар тұлғалар осы баптың 1-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін тиісті лицензиялардың түпнұсқаларын кеден ісі саласындағы уәкілетті органға қайтаруды жүзеге асыруға міндettі.

Бажызың сауда дүкенін құруға шешімдері бар тұлғалар осы баптың 1-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін шешімдердің түпнұсқаларын кеден ісі саласындағы уәкілетті органға қайтаруды жүзеге асыруға міндettі.

3. Кедендік брокерлер осы баптың 1-тармағында көрсетілген мерзімге кеден екілдері болып танылады.

Уақытша сақтау орындарының иелері осы баптың 1-тармағында айқындалған мерзімге өз тауарларын сақтау қоймаларының иелері болып танылады.

4. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған кедендік тасымалдашылар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 33-бабына сәйкес өз мәртебесін растамастан, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай бойы кеден одағының кедендік заңнамасында белгіленген жағдайлармен және шарттармен кедендік бақылаудағы тауарларды кеден одағының кедендік аумағы бойынша тасымалдауды жүзеге асыруға құқылы.

5. Өздеріне қатысты кедендік ресімдеудің арнайы жеңілдетілген рәсімдері белгіленген, ең төменгі тәуекел санатына жатқызылған, сыртқы экономикалық қызметке қатысуышылар тізіліміне енгізілген тұлғалар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай бойы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін осындай тұлғалар үшін айқындалған жеңілдету көлемінде "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 65-бабына сәйкес уәкілетті экономикалық операторға берілетін арнайы жеңілдікті пайдаланады.

#### **4-бап. Кедендік операцияларды жасаудың ерекшеліктері туралы өтпелі ережелер**

1. Кеден одағының кедендік аумағындағы кез келген кеден органына тауарлар декларацияларын беруге жол беретін, кеден одағына мүше мемлекеттердің халықаралық шарты күшіне енгенге дейін:

өз заңнамасына сәйкес құрылған, тіркелген не аумағында тұрақты тұратын, тауарлардың декларантты болып табылатын тұлға кеден одағына мүше мемлекеттің кеден органына тауарлар декларациясын береді;

кеден одағына мүше мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері, консулдық мекемелері, өзге де ресми өкілдіктері және халықаралық ұйымдары аумағында өздері тұрған, кеден одағына мүше мемлекеттің кеден органына тауарлар декларациясын береді.

2. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі қолданысқа енгізілетін күнге кедендік бақылауда уақытша сақтауда тұрған тауарларға осы тармақтың екінші бөлігі ескеріле отырып, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі 30-тарауының ережелері қолданылады.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілетін күнге уақытша сақтауда тұрған тауарлардың уақытша сақталу мерзімі, бұл сақтау аумағында жүзеге асырылып отырған кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы тауарлар уақытша сақтауға орналастырылған күннен бастап есептеледі.

3. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілетін күнге кедендік бақылауда уақытша сақтауда тұрған тауарларға қатысты тауарлар декларациясы, бұл сақтау аумағында жүзеге асырылып отырған кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы тауарлар уақытша сақталу мерзімі өткенге дейін кеден органына берілуге тиіс.

4. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін кеден органында кедендік декларациясы қабылданған (тіркелген) тауарлар кеден органы осы кедендік декларацияны қабылдаған (тіркеген) күнге кеден одағына мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттармен мәлімделген кедендік режимге орналастыруға жатады.

5. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін кеден органдарына алдын ала, уақытша, кезеңдік не толық емес кедендік декларациялар берілген тауарларға қатысты алдын ала, уақытша, кезеңдік не толық емес декларациялау рәсімдерінің қолданылуы кеден органы аталған декларацияларды тіркеген күнге Қазақстан Республикасының Кеден кодексінде белгіленген тәртіппен және шарттармен аяқталады.

## **5-бап. Кедендік бақылаудағы тауарларды тасымалдаудың ерекшеліктері туралы етпелі ережелер**

1. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін транзит декларациясын (кедендік транзит құжаты, тауарлардың жеткізілуін бақылау құжаты) кеден

органы қабылдаған (тіркеген) тауарларға қатысты кедендік транзитке рұқсат беру (тауарлардың жеткізілуін бақылау құжатын ресімдеу) жүзеге асырылады, ал кеден одағының кедендік аумағы бойынша кедендік бақылаумен тасымалдау бұл транзит декларациясын (кедендік транзит құжаты, тауарлардың жеткізілуін бақылау құжаты) кеден органы қабылдаған (тіркеген) құнге кеден одағына мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттармен жүзеге асырылады және аяқталады.

2. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін кеден органы кедендік транзитке рұқсат берген (тауарлардың жеткізілуін бақылау құжатын ресімдеген) тауарларды кедендік бақылаумен кеден одағының кедендік аумағы бойынша тасымалдау кедендік транзитке рұқсат берілген (тауарлардың жеткізілуін бақылау құжаты ресімделген) құнге кеден одағына мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттармен жүзеге асырылады және аяқталады.

#### **6-бап. Тауарлардың мәртебесі және кедендік рәсімдер туралы өтпелі ережелер**

1. Кеден одағының кедендік аумағында орналасқан және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін мемлекет пайдасына тауарлардың еркін айналысы, кері импорты және тауарлардан бас тарту үшін тауарлар шығарудың кедендік режимдерімен орналастырылған тауарлар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап тиісінше мемлекет пайдасына ішкі тұтыну, кері импорт және бас тарту үшін шығарудың кедендік рәсімдерімен орналастырылған деп есептеледі және оларға қатысты "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің және (немесе) кеден одағының кедендік заңнамасының ережелері қолданылады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген құнге кедендік мақсаттар үшін қазақстандық тауарлар мәртебесіне ие болған тауарлар кеден одағының тауарлары болып танылады.

3. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін тауарлар экспорттының кедендік режимінде орналастырылған тауарлар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап экспорттың кедендік рәсімімен орналастырылған деп танылады және оларға қатысты "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің және (немесе) кеден одағының кедендік заңнамасының ережелері қолданылады.

4. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының кедендік аумағында тауарларды өндеу, тауарларды еркін айналыс үшін өндеу және тауарларды кедендік аумағынан тыс өндеу кедендік режимдеріне орналастырылған тауарлар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап, тиісінше кедендік аумакта өндеу, кедендік аумактан тыс өндеу және ішкі тұтыну үшін өндеу кедендік рәсімдерімен орналастырылған деп танылады және оларға қатысты, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін, осындай тауарларды өндеу операцияларының нәтижесінде алынған тауарларға қатысты осы тармақтың екінші және үшінші бөліктегі ескеріле отырып, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің және (немесе) кеден одағының кедендік заңнамасының ережелері қолданылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған кедендік рәсімдер "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде айқындалған мерзімдер шегінде тауарларды өндеу мерзімдерін ұзарту мүмкіндігі ескеріле отырып, тиісті кедендік режимдерге тауарларды орналастыру кезінде белгіленген мерзімдердің өтуіне дейін қолданыста болады.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін кеден одағына мүше мемлекеттердің бірінің аумағынан кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағына әкелінген не кеден одағына мүше мемлекеттердің бірінің аумағынан кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағына әкетілген, қазақстандық тауарлар мәртебесіне ие тауарларға қолданылған осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған кедендік режимдер "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап, өз қолданысын тоқтатады. Осы кедендік режимдерге орналастырылған тауарлар және осы тауарларды өндеу операциялары нәтижесінде алынған тауарлар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап кеден одағының тауарлары болып танылады.

5. Экспорттың кедендік рәсімдеріне сәйкес әкетуге арналған тауарларды қоспағанда, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін кеден қоймасының кедендік режиміне орналастырылған тауарлар, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастырылған деп танылады және оларға қатысты осы тармақтың екінші және үшінші бөліктегі

ескеріле отырып, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің және (немесе) кеден одағының кедендік заңнамасының ережелері қолданылады.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін кедендік қоймасының кедендік режиміне орналастырылған, экспорттың кедендік рәсіміне сәйкес әкетуге арналған тауарлар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес кедендік қоймаларда сақталады.

Кеден қоймасының кедендік рәсімі "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған мерзімдер шегінде оларды ұзарту мүмкіндігі ескеріліп, кеден қоймасының кедендік режимімен тауарларды орналастыру кезінде белгіленген сақтау мерзімдері өткенге дейін қолданыста болады.

6. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасында тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу және тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету кедендік режимдеріне орналастырылған тауарлар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап тиісінше уақытша әкелу (жіберу) және уақытша әкету кедендік рәсімдеріне орналастырылған деп танылады және оларға қатысты осы тармақтың екінші және үшінші бөліктегі ескеріле отырып, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің және (немесе) кеден одағының кедендік заңнамасының ережелері қолданылады.

Уақытша әкелудің (жіберудің) кедендік рәсімі "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған мерзімдер шегінде оларды ұзарту мүмкіндігі ескеріле отырып, уақытша әкелу (тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу) кедендік режимімен тауарларды орналастыру кезінде белгіленген уақытша әкелу мерзімдері өткенге дейін қолданыста болады.

Уақытша әкетудің кедендік рәсімі "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес оларды ұзарту мүмкіндігі ескеріле отырып, уақытша әкетудің (тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету) кедендік режимімен тауарларды орналастыру кезінде белгіленген уақытша әкету мерзімдері өткенге дейін қолданыста болады.

7. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасында тауарлардың көрі экспортты кедендік режимімен орналастырылған тауарлар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы"

Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап кедендік кері экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған болып танылады және оларға қатысты "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің және (немесе) кеден одағы кедендік заңнамасының ережелері қолданылады.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап кедендік аумақта тауарларды өндірудің кедендік режиміне сәйкес тауарларды өндіу бойынша операциялардың нәтижесінде алынған өндіу өнімдерін әкету мақсатында, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін кедендік режимдерге орналастырылған тауарлар кері экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған деп танылады.

8. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін тауарларды және бажсыз сауда дүкенін жою кедендік режимдеріне орналастырылған тауарлар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап тиісінше жоюдың немесе бажсыз сауданың кедендік рәсімдерімен орналастырылған деп танылады және оларға қатысты "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің және (немесе) кеден одағының кедендік заңнамасының ережелері қолданылады.

9. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгеннен кейін осы Заңның 4-бабының 4-тармағына сәйкес кедендік режимдермен орналастырылған тауарларға осы баптың ережелері қолданылады.

#### **7-бап. Көлік құралдарына қатысты кедендік операцияларды жасаудың ерекшеліктері туралы өтпелі ережелер**

1. Шет мемлекеттерде тіркелген, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін кеден одағының кедендік аумағына әкелінген көлік құралдары, мұндай көлік құралдарымен жолаушылардың, бағаждың және тауарлардың халықаралық тасымалы жүзеге асырылуы кезінде "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап халықаралық тасымалдаудың көлік құралдары болып танылады және оларға "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 55-тaraуының және (немесе) кеден одағының кедендік заңнамасының ережелері қолданылады.

2. Кеден одағына мүше мемлекеттерде тіркелген және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі

қолданысқа енгізілгенге дейін кеден одағының кедендік аумағынан әкетілген көлік құралдары мұндай көлік құралдарымен жолаушылардың, багаждың және тауарлардың халықаралық тасымалы жүзеге асырылуы кезінде "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап халықаралық тасымалдаудың көлік құралдары болып танылады және оларға "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 55-тaraуының және (немесе) кеден одағының кедендік заннамасының ережелері қолданылады.

**8-бап. Жер қойнауын пайдалану (отын-энергетикалық сектор)саласында туындаған құқықтық қатынастар жөніндегітпелі ережелер**

Ескерту. 8-бап алғыншын тасталды - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**9-бап. Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан)тауарларды әкелу (әкету) туралы өтпелі ережелер**

Ескерту. 9-бап алғыншын тасталды - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**10-бап. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерітуралы" Қазақстан Республикасы Заңының қолданысқа енгізуіне байланысты өтпелі ережелер**

2013 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 251-бабының 1-тармағының 4) тармақшасын қоспағанда, бүкіл мәтіні бойынша "сәйкестендіру нөмірі", "сәйкестендіру нөмірлері", "сәйкестендіру нөмірін", "сәйкестендіру нөмірінің" деген сөздер тиісінше "тіркеу нөмірі", "тіркеу нөмірлері", "тіркеу нөмірін", "тіркеу нөмірінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тоқтатыла тұру кезеңінде банктар немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар бюджетке кедендік төлемдерді, салықтарды, өсімпұлдарды төлеу жөнінде төлем құжаттарын қабылдау кезінде салық төлеушінің тіркеу нөмірінің құрылымына (қалыптастыру алгоритміне) және салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсүін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын үәкілдегі мемлекеттік органның деректеріне сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірінің дұрыс көрсетілуін бақылауға міндеттілігі белгіленіп, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 139-бабы 1) тармақшасының қолданылуы тоқтатыла тұрын.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.12 N 538-IV (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**11-бап. Еркін кеден аймағының және еркін қойманың кедендік ресімдері, жеке пайдалану тауарларын кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу тәртібі туралы өтпелі ережелер**

Ескеरту. 11-бап алынып тасталды - КР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**12-бап. Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің күші жойылды деп тану туралы**

2011 жылғы 1 шілдеден бастап күшін жоятын 19-баптың 12-1) тармақшасын және 27-баптың 2-тармағын қоспағанда, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап 2003 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 7-8, 40-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 18, 106-құжат; 2005 ж., № 11, 43-құжат; № 21-22, 86-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 4, 33-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 144-құжат; № 23, 173-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; 2009 ж., № 17, 80, 81-құжаттар; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 122, 124-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев